

# Біз мерекені осылай атап өтеміз!

Қазақ халқы үшін ұлыстың ұды күні әрқашан қасиетті, киелі мереке саналады. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің әскери кафедрасында жыл сайын Наурыз мейрамы қазақ халқының салт-дәстүрлерімен ұштастыра атап өтіледі. Наурыз мейрамының өскелен үрпакқа берер тәрбиесі мол.

Қазіргі жаһандану дәуірінде қазақ халқының тамырынан ажырамай үлттық сана-сезімнің жоғалмауына, үлттық құндылықтарды қалыптастыруға Наурыз мерекесінің де тиғізегер септігі орасан зор. Әскери кафедра өз студенттеріне қазақ халқының және елімізде мекен ететін түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің салт-дәстүрлерін танып білуіне жол көрсетеді. Әскери кафедра бас-

шылығы мен оқытушылар биыл да Наурыз мейрамының жоғары дөрежеде үйымдастырылуына баса көніл белді.

Студенттермен өткізілетін тәрбиелік жұмыс әдістемесі, сабактары қазақ халқының салт-дәстүрлерімен, қазақ батырларының ерліктерімен ұштастырылады. Наурыз мейрамы құндарі студенттеріміз ағаш отыргызыды және отыргызылған ағаштардың түптерін қосытып, әктеді. Сонымен қатар әскери кафедра төңірегін тазартып, стендтерін

жаңартып, әскери оқу техникасы мен қару-жарақтарын тексерістен өткізді. Әскери кафедраның дәстүрі бойынша Наурыз мерекесіне арналған «Жебе», «Жауынгерлік бет» қабырга газеттері шыгарылды.

Жастарды тәрбиелеуде үлттық дәстүрлерді көздің қарашыныңдай сактап, жас үрпакқа дұрыс бағыт-бағдар берудің маңызы зор. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің әскери кафедрасы запастағы офицерлерді даярлайды.

**Женіс ИБАТОВ,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**Оңтүстік Қазақстан**  
**университеті әскери**  
**кафедрасының оқытушысы,**  
**запастағы майор.**